

Геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбалар өндіру үшін жер қойнауын пайдалануды ретке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 5 сәуір 1994 ж. N 1637

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының заңына Z933600_ сәйкес және геологиялық зерделеу мен пайдалы қазбалар өндіру үшін жер қойнауын беруді тәртіпке келтіру және жер қойнауын игеруге отандық және шет ел инвестицияларын ынталандыру мақсатында қаулы етемін:

(1-тармақ) <*> .

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылған - ҚР Президентінің 1996.01.27
N 2828 жарлығымен. U962828_

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің құрамына Пайдалы қазбалар қоры жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы енгізілсін.

3. Республикалық жер қойнауын қорғау және минералды шикізат базасын толықтыру қоры нысаналы бюджеттік қор болып табылады және ол Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін геологиялық барлауға және жер қойнауын қорғауға жұмсалған шығындарды өтеу ставкаларынан жасалатын аударымдардың есебінен, сондай-ақ геологиялық ақпарат беруден алынатын түсімнің және лицензиялар беру жөнінде көрсетілетін қызмет үшін төлемдерден құралады әрі нысаналы мақсатқа ғана жұмсалады.

4. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол 1992 жылғы 30 мамырдағы

Қазақстан Республикасының Жер қойнауын және минералды шикізатты ұқсату туралы Кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылады.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Пайдалы қазбалар қоры жөнінде мемлекеттік комиссия құру туралы" 1992 жылғы 18 тамыздағы N 864 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 30, 437-бап) күші жойылған деп танылсын.

6. Осы Жарлық оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 ж. 5 сәуір

N 1637

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК